

**А. А. Аманжолова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 4-бағам тындаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: А. О. Тәжина, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы**

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ МҮЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (1-бап), адам және оның құқығы мен бостандығы ең жоғарғы құндылық болып табылады. Мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамудың тұрақты жүзеге асуының ең басты шарты - 1995 жылғы 30-тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабында өз азаматтарының меншіктік құқықтарына заңмен кепілдеме беріледі делінген қағиданы ұстану болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы құқықтық саяси Тұжырымда-масында қылмыстық іс жүргізу заңдарын жетілдіру жайлары көрсетілген.

Біріншіден, медиация арқылы босатылатын қылмыстардың санын кеңейтіп ымыраласу институтын жандандыру;

Екіншіден, жәбірленушіге келтірілген дене жарақаттары, моральдық зияндарды өтеуді қолға алу.

Осы құқықтық саяси тұжырымдамада көрсетілген міндеттерді ескере отырып, қылмыстық сот өндірісінде мүлікке тыйым салу институты теориялық және тәжірибелік аспектіде өзекті мәселелердің бірі болып қалуда.

Бұл негізгі заң азаматтардың барлық жеке мүліктік меншігін қорғай отырып, қоғамдық ережелерді қамтитын құқық нормаларының жиынтығын белгілейді және жасалған қылмыс

салдарынан келтірілген мүлктік зиянның орнын толтыру жолдарын реттеп отырады. Тәжірибеде қылмыспен келтірілген залалдың орнын толтыру күрделі мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытқа дейін тікелей залалдың орнын толтыратын механизм заңда толықтай айқындалмаған. Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында осы тергеу әрекетіне байланысты тәжірибе жүзінде кездесетін мәселелері толығымен қарастырылмаған, сондай-ақ мүлікке тыйым салу бойынша мәселелер ғалымдарымен толық көлемде зерттелмеген.

Қарағанды облысы прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті Басқармасының мәліметтеріне сәйкес, 2009 жылы Қарағанды облысы ішкі істер органдары 2918 қылмыстық істің өндірісін аяқтаған, соның ішінде бір де бір қылмыстық іс бойынша мүлікке тыйым салынбаған. 2010 жылдың қорытындысы бойынша аяқталған 2957 қылмыстық істің ішінде тек 4 қылмыстық іс бойынша мүлікке тыйым салынған. Қолданыстағы заңнамада мұндай жағдайдың себебі болып бұл институтты жүзеге асыру механизміне жеткіліксіз көңіл аудару табылады. Осы құқықтық институттың толық жетілдірілуін жүзеге асырмайынша, қылмыстық іс жүргізудің мақсаттарын дұрыс шешу, соның ішінде мүлктік зиянның орнын толтыру мәселелерін айқындау мүмкін емес. Аталған мәселені шешу мақсатында төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. ҚР ҚДЖК-нің 161 бабының 1 бөлігін келесідей сөздермен толықтыруға: «Қылмыстық іс материалдарында мүлкі бар сезікті, айыпталушы немесе өзге тұлғалардың сол мүлкті жасыруы, бүлдіруі немесе талан-таражға салуы мүмкін деген пиғылға толық негіз болса, онда тергеуші немесе анықтаушы олардың мүліктеріне тыйым салуы құқылы».

2. Мүлікке тыйым салу негізін ҚР ҚДЖК келесідей көрсетуге болады:

«Қылмыстық іс материалдарында мүлкі бар сезікті, айыпталушы немесе өзге тұлғалардың сол мүлкті жасыруы, бүлдіруі немесе талан-таражға салуы мүмкін деген пиғылға толық негіз болса, онда тергеуші немесе анықтаушы олардың мүліктеріне тыйым салуға құқылы. Егер келтірілген зиян үшін азаматтық талап ұсынылмаса және сезіктіге немесе айыпталушыға жасаған қылмысы бойынша қосымша жаза ретінде мүлкті тәркілеу немесе айыппұл санкциясы көзделмесе, онда олардың мүлкіне тыйым салуға болмайды».